

Мемлекеттік орман қоры учаскелерін орман иелену құқығымен беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 10 тамыздағы № 550 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Орман кодексі 12-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес:

1) "Алматы облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Жоңғар орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне ауданы 2000 гектар мемлекеттік орман қорының учаскелері;

2) "Алматы облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Үйгентас орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне ауданы 16808 гектар мемлекеттік орман қорының учаскелері;

3) "Түркістан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Жасыл Аймақ орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне ауданы 2527 гектар мемлекеттік орман қорының учаскелері мемлекеттік орман қорын күзету, қорғау, ормандарды молықтыру және орман өсіру, мемлекеттік орман қорының кешенді пайдаланылуын ұйымдастыру үшін орман иелену құқығымен берілсін.

2. Алматы, Жетісу және Түркістан облыстарының әкімдері Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы 10 тамыздағы
№ 550 қаулысына
қосымша

Орман иелену құқығымен берілетін мемлекеттік орман қоры учаскелерінің экспликациясы

ауданы гектармен

Орман иеленушінің атауы	Жалпы ауданы, гектар	оның ішінде:				
		орман көмкерген	орман көмкермеген			
			барлығы	жайылымдар	егістіктер	басқа жерлер
1	2	3	4	5	6	7

"Алматы облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Жоңғар орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2000	190	1810	1050	-	760
"Алматы облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Үйгентас орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	16808	4 596	12212	7686	-	4526
"Түркістан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Жасыл Аймақ" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2527	-	2527	2158	369	-
Жиыны:	21335	4786	16549	10894	369	5286